



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №1102913/2025/1

02.05.2025 жылғы

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК " АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, ССД директоры Абишев Сугир Калиевич негізінде әрекет ететін Сенімхат №4190214911 13.01.2025 бастап, атынан, бір жағынан, және "Ögem" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған(таңдалған) басқарушы ТОЙЛЫБАЕВ НУРЗАТ ЕРГЕНОВИЧ атынан, негізінде қызмет ететін Жарғы, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1102913 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі-Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша 2025 жылғы 3 мамырдан бастап 2026 жылғы 3 мамырды қоса алғанда.

1.2.1. Тапсырыс берушінің тиісті өтінімі бойынша қызмет көрсету мерзімі кедендік мақсаттар үшін қажетті барлық құжаттардың толық пакетімен өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күннен аспауға тиіс.

1.3. Қызметтерді Орындаушы елішілік құндылық бойынша есепті ұсынған және орындаушы ЭШФ ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі-ЭШФ АЖ) электрондық шот – фактураны ұсынған жағдайда, тауарларға арналған тиісті декларация (бұдан әрі - ТД) және/немесе тауарларға арналған декларацияны түзету (бұдан әрі - ТДТ) негізінде (ТД және/немесе ТДТ көшірмелерін міндетті түрде қоса бере отырып), көрсетілген қызметтер актісінде ТД және/немесе ТДТ нөмірін, өтінім күнін және нөмірін міндетті түрде көрсете отырып дайындалған тиісті өтінім бойынша көрсетілген қызметтер актісіне екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойғаннан кейін толық және тиісінше көрсетілген болып саналады.

1.4. Осы Шартта төменде аталған терминдердің түсіндірмесі мынадай:

1.4.1. Шарт – Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында қол жеткізілген, жазбаша нысанда тіркелген және оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен, сондай-ақ осы Шартта сілтемелер бар барлық қажетті құжаттамамен Тараптар қол қойған осы келісімді білдіреді.

1.4.2. Шарттың жалпы сомасы – осы Шарт бойынша Орындаушыға өзінің барлық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді.

1.4.3. Қызметтер – тауарлармен (Тараз қ., Қызылорда қ., Өскемен қ., Степногорск қ.) брокерлік операциялар бойынша көрсетілетін қызметтерді (кедендік декларацияларды толтыру, кедендік декларациялардың электрондық көшірмелерін қалыптастыру, Тапсырыс берушінің тауарларын (жүктерін) кедендік ресімдеуге байланысты өзге де құжаттарды ресімдеу) осы Шартқа № 1, № 2 қосымшаларда көрсетілген және орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушіге көрсететін қызметтерді білдіреді.

1.4.4. Кемшіліктер-кемшіліктерді, қателерді және дәлсіздіктерді қоса алғанда, осы Шарттың талаптарын бұза отырып көрсетілген қызметтер немесе қызметтердің бір бөлігі.

1.4.5. Өндірістік қауіпсіздік – еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі саласындағы процестерді қамтитын басқару жүйесі.

1.4.6. Көрсетілген қызметтер актісі - екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған, тиісті өтінімге сай көрсетілген қызметтер актісі, атап айтқанда, осы Шартқа №4 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша жасалған, ЭШФ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі -ЭШФ АЖ) қол қойылған көрсетілген қызметтердің электрондық актісі және/немесе қағаз жеткізгіште қол қойылған көрсетілген қызметтер актісі, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (ЭСАЖ 2.0) арқылы ұсынылатын көрсетілген қызметтердің электрондық актісі. Көрсетілген қызметтердің барлық актілеріне қол қойылған күн бірдей болуы тиіс. Егер мұндай көрсетілген қызметтер актілеріне әр түрлі күндері қол қойылған жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне ЭШФ АЖ – да қол қойған күн, ЭШФ АЖ-да болмаған жағдайда-қағаз жеткізгіште қол қойған күн қызметтер көрсету күні болып саналады.





1.4.7. Ақпараттық қауіпсіздік – ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау процесінде оның құпиялылығын, тұтастығын және санкцияланған қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған әкімшілік-құқықтық, ұйымдастырушылық-өкімдік және техникалық шаралар кешені.

1.4.8. Көрсетілген қызметтердің нәтижелерін жеткізу орны-Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17/12 ғимарат.

1.4.9. Өтінім-ДТ және ТДТ ресімдеу үшін қажетті ақпаратты көрсете отырып, алдағы тиесп-жөнелту жөніндегі деректер көрсетілетін Тапсырыс берушінің жазбаша құжаты.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 1608062.40 (бір миллион алты жүз сегіз мың алпыс екі теңге, қырық тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Орындаушы толық және тиісті түрде көрсеткен қызметтер үшін ақы төлеуді Тапсырыс беруші ай сайын осы Шарттың 2.5-тармағына сәйкес осы Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген Орындаушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

2.4. Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы деп тиісті сапалы, толық көлемде және осы Шартта белгіленген мерзімдерде қызметтер көрсету түсініледі.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. ҚҚС жеке жолда бөліп көрсетілетін, ЭШФ АЖ порталы арқылы жазып берілген электронды шот-фактуралар;

2.5.3. Екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған тиісті өтінім үшін көрсетілген қызметтер актісі;

2.5.4. Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысына сәйкес есепті құжаттар.

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Осы Шарттың 2.6-тармағында көрсетілген көрсетілген қызметтер актісінен басқа, тараптар ЭШФ АЖ-да немесе қағаз жеткізгіште көрсетілген қызметтер актісіне міндетті түрде қол қояды.

2.8. Тапсырыс беруші Орындаушының Төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.9. Егер нақты көрсетілген Қызметтердің құны осы Шарттың жалпы сомасына жетпеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шарт бойынша қалған соманы төлеуді талап етуге құқылы емес.

2.10. Тапсырыс беруші тарапынан қызмет көрсетудің сапасы/мерзімі/көлемі бойынша шағым туындаған жағдайда, төлем Орындаушы шағымдану мәселелері бойынша түпкілікті жауап ұсынғаннан және электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жіберілген анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін жүргізілетін болады.

2.11. Тапсырыс беруші тарапынан қызмет көрсетудің сапасы/мерзімі/көлемі бойынша шағым туындаған жағдайда, төлем Орындаушы шағымдану мәселелері бойынша түпкілікті жауап ұсынғаннан және электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жіберілген анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін жүргізілетін болады.

2.12. Қызметтер үшін құн осы Шартқа № 1, 2 қосымшаларда көрсетілген және осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұлғайтуға жатпайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Қызметтерді осы Шарттың және осы Шартқа №1, №2 қосымшалардың талаптарына сай көрсетуі міндетті.

3.2. Тапсырыс беруші осы Шартқа №4 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша ЭШФ ақпараттық жүйесі арқылы немесе қағаз жеткізгіште көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күн Орындаушының қызметтерді тиісінше көрсеткен күні болып есептеледі.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:





- 4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;
- 4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:
- 4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;
- 4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;
- 4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;
- 4.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;
- 4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;
- 4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;
- 4.1.8. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;
- 4.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 4.1.10. Көрсетілген қызметтердің нәтижесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша Көрсетілген қызметтердің актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беру.
- 4.1.11. Тапсырыс беруші өтінім жіберген сәттен бастап дереу қызмет көрсетуге кірісу.
- 4.1.12. Тапсырыс берушіге Орындаушы көрсететін қызметтердің сапасына қауіп төндіретін немесе осы Шарттың 1.2-тармағының 1.2.1-тармақшасында және 1.2-тармағында көрсетілген мерзімде/мерзімдерде қызметтер көрсету мүмкін емес ететін өзіне байланысты емес барлық мән-жайлар туралы дереу ескерту.
- 4.1.13. Осы Шарт бойынша қызметтердің кездейсоқ қымбаттау тәуекелін көтеру.
- 4.1.14. Тапсырыс беруші үшін оның қызмет көрсету тәсілі туралы нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдарлары анықталған кезде бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу ескерту және одан жазбаша нұсқаулар алғанға дейін қызмет көрсету барысын тоқтата тұру.
- 4.1.15. Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша өзі (Орындаушы) көрсететін қызметтердің сапасы мен толықтығына қауіп төндіретін не қызметтер көрсетуге мүмкіндік бермейтін барлық мән-жайлар туралы дереу ескерту.
- 4.1.16. Тапсырыс берушіге толық, тиісті түрде, сапалы, өз күшімен және қаражатымен қызмет көрсету.
- 4.1.17. Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша барлық кепілдіктер мен растауларды бұзу, сондай-ақ басқа да заңсыз іс-әрекеттер нәтижесінде қоса алғанда, осы Шарттың талаптарын тиісінше орындамаудан туындаған келтірілген залалдарды өтеу.
- 4.1.18. Орындаушының қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік, өндірістік қауіпсіздік, оның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі саласындағы талаптарды және Тапсырыс берушіге, үшінші тұлғаларға, Орындаушыға салдарымен әсер ететін Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздігі бойынша ішкі нормативтік құжаттарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші, үшінші тұлғалар және/немесе мемлекеттік бақылаушы органдар алдында толық жауап беру.
- 4.1.19. Мемлекеттік бақылаушы органдар Тапсырыс берушіге Орындаушының қызметі нәтижесінде болуы мүмкін оқиғалар үшін айыппұл санкцияларын ұсынған жағдайда келтірілген залалдың салдарынан төленген төлемдер үшін материалдық жауаптылықта болады.
- 4.1.20. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ақпараттық қауіпсіздік, өндірістік қауіпсіздік саласындағы, оның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі саласындағы регламенттеуші құжаттарға және Тапсырыс берушінің ақпараттық және





өндірістік қауіпсіздігі жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету.

4.1.21. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаның ластануына қауіп төндіретін, авариялар туындаған, қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайларда Орындаушыға Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе оның көрсетілетін қызметтерінің көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп есептейтін қызметтермен ғана шектелуі мүмкін Бұл ретте, Орындаушы осы Шарттың мерзімдеріне сәйкес Қызметтерді уактылы көрсетуге жауапты болады.

4.1.22. Тапсырыс берушіге толық, тиісті түрде, сапалы, өз күшімен және қаражатымен қызмет көрсету.

4.1.23. Орындаушының және/немесе оның қызметкерлерінің мүлiктік және/немесе мүлiктік емес игіліктер мен Тапсырыс берушінің, оның қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың құқықтарына заңсыз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян (мүлiктік және (немесе) мүлiктік емес) үшін жауаптылықта болуға тиіс.

4.1.24. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге № 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Контрагенттің толтырылған сауалнамасын және осы Шартқа №6 қосымшаға сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ өнім берушілері мен мердігерлерінің Кодексінде көзделген нысан бойынша ESG сауалнама-пікіртерімді ұсыну.

4.1.25. Ақпараттық және өндірістік қауіпсіздік, оның ішінде Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің және ақпараттық қауіпсіздік, өндірістік қауіпсіздік және еңбекті және Тапсырыс беруші қызметкерлерінің денсаулығын қорғау жөніндегі ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.

4.1.26. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ өнім берушілері мен мердігерлерінің кодексінің талаптарын сақтау (осы Шартқа №6 қосымша).

4.1.27. Осы Шарттың 15.4-тармағында көзделген кепілдіктерді сақтау/орындау.

4.1.28. Тапсырыс беруші осы Шарттың 15.2 және/немесе 15.4-тармақтарында көрсетілген фактілерді/ақпаратты анықтаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде тараптардың келісімі бойынша осы Шартты бұзу.

4.1.29. Токсан сайын Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қою.

4.1.30. Жүк жөнелтушіде/жүк алушыда жылжымалы құрамның нормативтен тыс тоқтап қалуы себебінен туындаған қосымша шығыстар үшін тәуекелді өз бетінше көтеруге.

4.1.31. Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы үшін қажетті осы Шарттың, Тәртіптің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерінде көзделген және олардан туындайтын өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уактылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе)





Шартты орындаудан бас тартуға.

Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Осы Шартта және оған қосымшаларда көрсетілген қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді талап ету; көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап ету.

4.4.7. Көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап ету.

4.4.8. Егер Орындаушы көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді, шарттық міндеттемелердің талаптарын жою бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, жазбаша нұсқамамен бұзушылықтар жойылғанға дейін қызметтер көрсетуді тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы өкім беру.

4.4.9. Кез келген уақытта Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, қызмет көрсету мерзімінің сақталуын тексеру.

4.4.10. Егер Орындаушы осы Шарттың 1.2-тармағында немесе Тапсырыс берушінің өтінімінде көрсетілген мерзімдер ішінде қызметтер көрсетуге кіріспесе және/немесе қызметтерді соншалықты баяу көрсетсе, оларды аяқтау осы Шарттың 1.2-тармағында немесе Тапсырыс берушінің өтінімінде белгіленген мерзімдерде анық мүмкін болмайтындай етіп көрсетсе, осы Шартты орындаудан бас тарту және Орындаушыдан залалдарды өтеуді талап ету.

4.4.11. Орындаушы қызметтер көрсету кезінде кемшіліктерді (ақауларды, кемшіліктерді) жоймаған жағдайда, сондай-ақ қызметтер көрсету кезінде Орындаушы қызметтерді тиісті түрде көрсетпейтіні анық болса, осы Шартты орындаудан бас тартуға, сондай-ақ залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

4.4.12. Орындаушы осы Шарттың 4.1-тармағының 4.1.27 және/немесе 4.1.28-тармақшаларында, сондай-ақ осы Шарттың 15.3 және/немесе 15.4-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, осы Шарттың 8-бөліміне сәйкес осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту.

4.4.13. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаның ластануына қатер төндіретін жағдайларда, Тапсырыс берушінің объектілерінде Орындаушының қызметін тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға құқылы. Бұл ретте, Орындаушы осы Шарттың мерзімдеріне сәйкес Қызметтерді уақтылы көрсетуге жауапты болады.

4.4.14. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шартқа №5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша контрагенттің толтырылған сауалнамасын ұсынбаған жағдайда, осы Шартты орындаудан бас тарту.

4.4.15. Осы Шарттың және Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерінде көзделген және олардан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы

4.5. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Тараптар осы Шарт бойынша Тараптардың өзара талаптарының жоқтығы туралы салыстыру актісіне қол қоюға міндеттенеді.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушы Қызмет көрсетудің тиісті айы аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтердің актісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактураны және осы Шарттың 2.5-тармағында көрсетілген өзге де құжаттарды қол қою үшін

5.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп көрсетілген қызметтердің сапасын тексеруді жүзеге асырады және 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметтердің актісі бойынша қызметтерді қабылдайды және осындай актіге қол қояды.

5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерде кемшіліктерді анықтаған кезде, сондай-ақ егер қызметтерді көрсету процесінде Орындаушы осы Шарттың талаптарынан ауытқуға жол берсе, Тапсырыс беруші анықталған кемшіліктер туралы Орындаушыны жазбаша нысанда хабардар етеді, ал Орындаушы күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде көрсетілген барлық кемшіліктерді өтеусіз жоюға міндетті. Орын алған кемшіліктер және/немесе келіспеушіліктер жойылғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті өкілдері Шарт бойынша көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды.

5.4. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді қабылдағаннан кейін қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес осы Шарттан ауытқуларды және/немесе өзге де кемшіліктерді (толық орындалмаған жұмыстар, ақаулар), жасырын кемшіліктерді (дұрыс орындалмаған жұмыстар, ақаулар), оның ішінде Орындаушы қасақана жасырған кемшіліктерді анықтаған Тапсырыс беруші олар анықталғаннан кейін





кисынды мерзімде бұл туралы Орындаушыға хабарлауға міндетті.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы Тапсырыс берушінің белгіленген талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы көрсетілген қызмет түрлері бойынша тиісті саланың облыстары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік стандарттарға/белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша қызмет көрсету үшін тиісті тәжірибесі мен біліктілігі бар екеніне кепілдік береді. Орындаушы көрсетілген кепілдік мерзімі ішінде техникалық ерекшелік қызметтерінің (осы Шартқа №2 қосымша) қателерін, кемшіліктерін және басқа да сәйкессіздіктерін өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.3. Осы арқылы Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шартты жасасу және тиісінше орындау үшін барлық қажетті құқықтарға, өкілеттіктерге, лицензиялары мен рұқсаттары бар екеніне кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта ескерілген қызметтерді көрсету мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген қызметтер құнының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.4. Орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін осы Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлейді;

7.2.5. Осы Шарттың талаптарына сәйкес контрагенттің сауалнамасы уақтылы ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан осы Шарт сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.6. Орындаушы осы Шарттың 14-бөлімінің талаптарын бұзған жағдайда, Орындаушы құпия ақпаратты ашуға байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеуге, сондай-ақ құпия ақпаратты ашудың әрбір заңсыз жағдайында 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

7.3. Орындаушы Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

7.4. Осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе орындауы мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Осы Шарт бойынша төлемді негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс;

7.5.2. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін Көрсетілген қызметтер актісі сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлейді;

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.





7.8. Өсімпұлды және/немесе айыппұлды төлеу бойынша міндеттемелер кінәлі Тарапта екінші Тараптан өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу туралы жазбаша талап алынған күннен бастап туындайды. Мұндай жазбаша талап болмаған кезде кінәлі Тарапта өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу жөніндегі міндеттемелер туындамайды. Осы тармақтың күші осы Шарттың 7.2-тармағының 7.2.1-тармақшасында көзделген жауаптылыққа қолданылмайды.

7.9. Егер Орындаушы Тапсырыс берушіге қызметтерді осы Шарттың талаптарынан қызметтердің сапасын нашарлатқан ауытқулармен немесе өзге де кемшіліктермен көрсеткен жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің қалауы бойынша Орындаушыдан мыналарды талап етуге құқылы:

7.9.1. Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде Орындаушы көрсеткен қызметтердің кемшіліктерін өтеусіз жоюды талап етуге құқылы;

7.10.2. осы Шартта белгіленген Қызметтер құнын мөлшерлес кеміту;

7.9.3. осы Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеу.

7.9.4. егер Тапсырыс беруші кемшіліктерді өз күшімен жоюды шешсе, Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюға жұмсаған шығыстарын өтеу.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

8.3.5. Осы Шарт талаптарының бірі осы Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде;

8.3.6. Тәртіпте белгіленген басқа жағдайларда.

8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада осы Шартты бұзу себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ осы Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты бұзылған кезде Орындаушы Шартты бұзу күніне оны орындауға байланысты іс жүзінде шеккен шығыстар үшін ғана ақы талап етуге құқылы. Орындаушының іс жүзінде шеккен шығыстары деп екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған Көрсетілген қызметтер актілерімен расталуға тиіс, осы Шарт бұзылған күнге дейін ол іс жүзінде көрсеткен қызметтердің құны түсініледі.

8.7. Орындаушы Орындаушының тиісті түрде көрсеткен қызметтері үшін Тапсырыс берушінің кінәсінен ақы төлеу 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам кешіктірілген жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

8.8. Бір Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібергеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарттың 8.6 және 8.7-тармақтарына сәйкес Тараптар Орындаушының осы Шарт бойынша нақты көрсеткен қызметтері бойынша ақшалай есеп айырысуларды





жүргізеді.

8.9. Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес осы шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген өсімпұлдарды (айыппұлдарды) өтеуге міндетті.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірілген жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телексмен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт төменде көрсетілген оқиғалардың бірі басталған күннен бастап күшіне енеді:

- а) осы Шартқа екі Тараптың уәкілетті өкілдерінің қол қойған күні;
- б) Тапсырыс берушінің уәкілетті органының осы Шартты жасасуы туралы корпоративтік шешім қабылдаған күні;
- в) Орындаушының уәкілетті органының осы Шартты жасасуы туралы корпоративтік шешім қабылдаған күні.

10.2. Осы Шарт Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, пандемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ бұлармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкіндігі жоғалған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде форс-мажордың болжамды әрекет ету мерзімі туралы жазбаша түрде (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс. Бұл ретте мұндай мән-жайларға тап болған Тарап осы Шартты орындаудың еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты емес баламалы тәсілдерін барынша мақсатқа сай іздестіруді жүргізеді.

11.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тараптың оны жауапкершіліктен босататын мән-жайлардың басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы оны форс-мажор мән-жайлардың басталу дерегіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.4. Егер форс-мажор жағдайлар қатарынан күнтізбелік 60 (алпыс) күннен астам жалғасатын болса, онда Тараптардың әрқайсысының осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы болады және бұл жағдайда Тараптардың бірде-бірінің басқа Тараптың алдындағы ықтимал залалдарды өтеуге құқығы жоқ.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде тараптар осы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуді талап ете алады.

12.3. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді,





ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

